

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот
төрағасы Ж.Қ.Асановқа**

Қызылорда облыстық сотының
төрағасы Қ.Ж.Нұрышовқа
Қызылорда қаласы,
тұрғыны Т.Ғ.Шағұлшаевтан

АЛҒЫС

Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік сот судьясы Ш.Қожантаевтың, ҚР ӘҚБтК-нің 44-тарауына сәйкес менің берген шағымымды қарап, бұзылған құқым мен бостандығымды қалпына келтіру үшін құқықты сауатты және әділ және әділетті шығарған сот актісіне шынайы алғысымды білдіремін.

23.02.2021 жылы ЖП инспекторы Б.А.Сейдулла, іс жүргізу тілін бұзып, іс жүргізу тілін белгілеп қаулы шығармай, ҚР ӘҚБтК-нің 744-бабындағы құқым мен міндетімді түсіндірмей, қол қойдырмай, заңмен кепілдік берген құқым мен бостандығымды бұзып, іс жүргізу рәсімдерін сақтамай, қазақ тілінде ҚР ӘҚБтК-нің **ст. 601, ч 2** деп жазып әкімшілік құқық бұзушылық туралы электрондық хаттама толтырып маған қол қойдырмай, мені әкімшілік жауапқа тартқан.

ЖПБ-нің инспекторы Б.А.Сейдулла, Т.Ғ.Шағұлшаев маған хаттаманы уәкілетті органның ақпараттық сервисінде орналастырылғаны туралы хабарламаған және мен ауызша айтып сұрасамда, электрондық хаттама көшірмесін пошталық мекенжайға жібермеген.

Аталған заң бұзушылықтар сот отырысында анықталып, судья Ш.Қожантаевпен тексеріліп, баға беріліп заңды акты шығарылды.

Халық сеніміне ие болып, сот беделін көтеруге еңбек жасаған судья Ш.Қожантаевтың аталған еңбегін бағалап осы судьядай адамдар көп болсын деп тілеймін.

Е.Шағұлшаев :
16.05.2021 жыл